

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



БЕКІТЕМІН»

Басқарма мүшесі – Академиялық
мәселелер жөніндегі проректор
А.А.Кудышева
« 08 2022 ж.

2022-2023 оқу жылында қабылданған

6B01503 - «Информатика мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасының

КӘСІПТІК ПРАКТИКА

БАҒДАРЛАМАСЫ

Шымкент, 2022


Кәсіптік практика бағдарламасы 6B01503 - Информатика мұғалімін даярлау Білім беру бағдарламасы (Ғылыми кеңес №1 хаттамасы, 31.08.2022ж.) негізінде дайындалды.

Құрастырған:  Э.Т. Адылбекова

Бағдарлама Информатика кафедрасының мәжілісінде талқыланды.
№ 1 хаттама, « 27 » тамыз 2022ж.

Кафедра меңгерушісі  Л.А.Сулейменова

Факультет кеңесінде қаралып, бекітуге ұсынылды.
№ 1 хаттама, « 31 » тамыз 2022ж.

Физика-математика факультетінің деканы  А.Б.Ибашова

КЕЛІСІЛГЕН

Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы

Қ.Спатаев атындағы №7 мектеп-лицей директоры

Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназия директоры



А.Е. Айтбаева

Р. Алмаханқызы

К. Қайыпов

Кіріспе

1. ББ туралы қысқаша сипаттама:

Білім беру бағдарламасының мақсаты

Ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығы талаптарына сай информатика пәнінің мұғалімін даярлау.

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- білім алушылардың кәсіби қызметін тиімді атқаруға қажетті жалпы мәдени, кәсіби және арнайы құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- білім алушылардың тұлғааралық құндылықтар негізінде әлеуметтік жауапкершілігін және кәсіби этикалық нормаларды ұстануын қалыптастыру;
- білім алушылардың кәсіби шыңдалуға, өзін-өзі жүзеге асыруға ынталандыру негізінде білім беру сапасының деңгейін ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру;
- білім алушылардың кәсіби білімі мен тәжірибелік дағдыларын жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қалыптастыру;
- тіл үштұғырлығы, функционалдық сауаттылық және салауатты өмір сүру негізінде қоғамды жаңартуда белсенділік танытатын жоғары білімді маман даярлауды қамтамасыз ету.

Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқу нәтижелері:

ON1 – IT-білім беру метапәндік идеяларына негізделген білім мен түсініктерін мектеп информатикасы аумағында көрсетеді;

ON2 - Ақпараттық жүйені моделдеу мен жобалауда математика және физика ғылымдарының негіздерін, информацияның теориясы мен алгоритмдеу принциптерін қолданады;

ON3 - Программалау әдістерін, моделдерін, технологияларын және оның инструментальды құралдарын есептеу жүйелерін таңдау/талдау үшін салыстырады;

ON4- Бағдарламалау құралдарының көмегімен ақпаратты формалау мен құрылымдауды, оларды бейнелеу әдістерін, сондай-ақ өңдеу мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әр түрлі мақсаттағы қолданбалы бағдарламаларды әзірлейді;

ON5- Есептеу жүйелері мен робототехниканың архитектуралық ерекшеліктері мен принциптерін, типтерін, логикалық блоктар жұмысының ұйымдастырылуын сипаттайды;

ON6- Инновациялық технологияларды оқытудың мақсат-міндеттеріне және оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес қолданады;

ON7- Критериалды бағалау технологиясы мен оқу стратегияларын қолданып оқу бағдарламасының мақсаттарына сәйкес сабақтың қысқа мерзімді жоспарын жасайды;

ON8- Кәсіби салада немесе командалық жұмыста тұлғааралық, мәдениаралық толерантты қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде коммуникацияны қолдайды;

ON9- Академиялық адалдық мәдениеті мен принциптерін ұстана отырып, информатика саласындағы ғылыми зерттеулер мен академиялық хаттардың әдістерін қолданады;

ON10- Кәсіптік салада этикалық, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік және экологиялық мәселелер мен міндеттерді түсіндіреді;

ON11- Оқу-тәрбие процесінде оқушыларды дамытуға педагогика, психология негіздерін және олардың әдістері мен құралдарын инклюзивті білім беруді ескере отырып пайдаланады;

ON12- Одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру қажеттілігін талап ететін информатика саласында жобалау жұмыстарын әзірлейді.

2. Оқу жұмыс жоспарынан көшірме
Күндізгі оқу түрі бойынша

| № | Практика түрі | Кредит саны | курс | семестр | апта | қорытынды |
|---|-----------------------------|-------------|------|---------|------|-----------|
| 1 | Оқу | 2 | 1 | 2 | 2 | есеп |
| 2 | Тілдік | 1 | 2 | 4 | 1 | есеп |
| 3 | Психологиялық-педагогикалық | 2 | 2 | 4 | 2 | есеп |
| 4 | Педагогикалық | 6 | 3 | 6 | 6 | есеп |
| 5 | Педагогикалық | 10 | 4 | 8 | 10 | есеп |
| 6 | Дипломалды | 4 | 4 | 8 | 4 | есеп |

3. Кәсіптік практика түрлері, мақсат міндеті:

3.1 Оқу практикасы

3.1.1. Оқу практикасы

6В01503-Информатика мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасында 2-апталық оқу практикасы жоспарланған.

Информатикадан оқу практикасында компьютерлік бағдарлама құрастырудың нақты тәжірибесін береді, сонымен қатар бағдарламалаудың жақсы стильдерінің және бағдарламалық құжаттарды құрастырудың тиімді және рационалды әдістерін үйрету мүмкіндіктерін береді. Сондықтан, информатиканы оқыту жоғары білім берудің құрамды бөлігі болып табылады. Информатика сабақтарындағы зертханалық кабинеттер мен құрал-жабдықтардың жұмыс істеу принципін жетік білуі қажет.

Оқу практиканың мақсаты: болашақ кәсіптің объектісі болып табылатын ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысу. Сонымен қатар болашақ кәсіптік қызметінің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерделеу, іскерлік хат алмасуды зерделеу және іс қағаздарын жүргізу, еңбек ұжымында жұмыс жасау дағдыларын игеру болып табылады.

Оқу практикасы барлық білім алушылар үшін ұйымдастырылады. Оқу практикасы ББ ерекшелігіне, бейініне сәйкес өткізілетіндігі кафедра мәжілісінде қаралып, практика бағдарламасында көрсетіледі.

Оқу практиканың міндеттері:

- білім алушының қызығушылығы мен сүйіспеншілігін ояту;
- педагогикалық қызметке шығармашылықпен қарауға тәрбиелеу;
- информатика саласындағы заман талабына сай алдыңғы қатарлы ізденістерді жүргізу;
- білім алушыны құрал-жабдықтармен таныстыру және эксперименталдық зерттеудің негізгі әдістерімен танысу;
- бағдарламалаудың негізгі принциптерін және заңдарын, олардың математикалық түрде тұжырымдалуын үйрену;
- информатикадағы қолданбалы және бағдарламалық есептер мен өнімдерді тиімді қолдану әдістерін, эксперименттерді автоматтандыру принциптерін және практика нәтижелерін компьютерде өңдеу;
- зертханалық жұмыстағы нәтижелерді есептеуде компьютерлік бағдарламалар құру;
- зертханалық істелген жұмыс үлгілерін әдістемелік нұсқауда көрсетілген жүйе бойынша жазу, толтыру, есеп дайындау;
- мектептегі іс-құжаттармен танысу;
- сынып жетекшінің жұмыстарымен танысу;
- информатика пәнінің оқытушысының сабақ өту барысымен танысу;
- мемлекеттік жалпыға білім беру стандартымен танысу;
- іскерлік хат алмасуды зерделеу және іс-қағаздарын жүргізу.

Оқу практиканың күтілетін нәтижесі:

- информатика саласындағы алдыңғы қатарлы тәжірибелерімен танысады;
- құрал-жабдықтармен және эксперименталдық зерттеудің негізгі әдістерін талдайды;
- бағдарламалаудың негізгі принциптерін және заңдарын, олардың математикалық түрде тұжырымдалуын қолданады;
- информатикадағы қолданбалы және бағдарламалық есептер мен өнімдерді тиімді қолдану әдістерін, эксперименттерді автоматтандыру принциптерін және практика нәтижелерін компьютерде өңдейді;
- зертханалық жұмыстағы нәтижелерді есептеуде компьютерлік бағдарламалар құрады;
- зертханалық істелген жұмыс үлгілерін әдістемелік нұсқауда көрсетілген жүйе бойынша жазу, толтыру, есеп дайындайды;
- мектептегі іс-құжаттармен танысады;
- сынып жетекшінің жұмыстарымен танысады;
- информатика пәнінің оқытушысының сабақ өту барысымен танысады;
- мемлекеттік жалпыға білім беру стандартымен танысады;
- іскерлік хат алмасуды зерделеу және іс-қағаздарын жүргізеді.

3.1.2 Тілдік практика

Тілдік практика информатика білім беру бағдарламасында білім алушылар үшін жүргізіледі, сондай-ақ білім алушылардың оқуды аяқтағанына дейін 2-курстан бастап информатика кафедрасында ұйымдастырылады.

Тілдік практиканың мақсаты білім алушыларда ауызша және жазбаша аударма дағдыларын, іскерлік қарым-қатынас және қарым-қатынас орнату дағдыларын, оның ішінде оқытылатын тілдердің спикерлерімен қарым-қатынас орнату болып табылады.

Тілдік практика ағылшын және көптілді топтарда тілдерді білетін кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім алушылар үшін өткізіледі.

Тілдік практиканың негізгі міндеттері:

- 1) білім алушыларды ауызша және жазбаша аударудың теориясы мен практикасының негіздерімен танысу;
- 2) теориялық және практикалық білімдері мен машықтарды бекіту және кеңейту;
- 3) тілдік коммуникация саласындағы практикалық дағдылар мен машықтарды алу;
- 4) арнайы лексиканы аудару дағдыларын ұлғайту және бекіту;
- 5) білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың ауызша және жазбаша сөздік қорын дамыту мақсатында сөздік жұмыстарын жүргізу;
- 6) ғылыми, ресми тілде сөйлеу теориясы мен практикасының негіздерімен танысу.

Тілдік практиканың күтілетін нәтижесі:

- білім алушыларды ауызша және жазбаша аударудың теориясы мен практикасының негіздерімен танысады;
- тілдік коммуникация саласындағы теориялық және практикалық білімдері мен машықтарды кеңейтеді;
- білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың ауызша және жазбаша сөздік қорын дамыту мақсатында сөздік жұмыстарын жүргізеді;
- ғылыми, ресми тілде сөйлеу теориясы мен практикасының негіздерімен танысады.

3.2. Педагогикалық практика

Педагогикалық практиканың мақсаты жалпы ғылыми, педагогикалық-психологиялық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерді бекіту және тереңдету, теориялық білімдер негізінде педагогикалық машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру болып табылады.

Педагогикалық практика 2, 3, 4 курста жүргізіледі. Педагогикалық практикадан өту үшін жалпы білім беру (негізгі орта, жалпы орта) мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына жіберіледі.

Мұғалім кадрларын кәсіптік тұрғыдан даярлау жүйесінде педагогикалық практика маңызды рөл атқарады.

3.2.1. Психологиялық- педагогикалық практика

Психология-педагогикалық практика 2 курста 4-семестрде жүргізіледі.

2-курста ұйымдастырылатын психологиялық-педагогикалық практика білім беру мекемесіндегі педагог-психологтардың, пән мұғалімінің және сынып жетекшінің зерттеуге, зерделеуге бағытталады.

Психологиялық-педагогикалық практиканың мақсаты білім алушылардың білім беру мекемелерінің, педагог-психологтардың, пән мұғалімінің және сынып жетекшінің іс-қағаздарын зерттеуді, мектеп ұжымының жұмыстарымен танысу.

Психологиялық-педагогикалық практиканың міндеті:

- қазіргі мектептегі тәрбие жұмысының жүйесі, оның бағыттарымен танысу (рухани-адамгершілік, еңбек, азаматтық-елжандық, құқықтық, этикалық, полимәдениеттік т.б.);

- мектептегі мектеп пен отбасы ынтымақтастығының қызметі мен формалары. Ата-аналар жиналысын ұйымдастыру мен өткізу барысы. Тәрбие жұмысының тиімділігі мен нәтижесінің диагностикасын жасау;

- сынып жетекшісінің қиын балалармен жұмыс жүйесінің барысын бақылау және талдау жасау;

- қазіргі жағдайдағы балалар мен жас өспірімдерге арналған тәрбие сағатының тақырыптары мен ұйымдастырылуын бақылау, талдау жасау;

- мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару жүйесінің барысы туралы ақпарат жинау,

- мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдаланудың жолдары (үйірмелер, қосымша сабақтар, т.б.);

- мұғалім – оқушы, оқушы – оқушы, ата-ана – мұғалім – оқушы қарым-қатынасын зерттеу;

-шағын топтағы психологиялық қарым-қатынас.

Психологиялық- педагогикалық күтілетін нәтижесі:

- мектепте өткізілетін педагогикалық кеңеске директордың және орынбасарлардың қызметтік нұсқауларын тізімдейді;

- мектеп ұжымы, әлеуметтік педагог, пән мұғалімі және мектеп оқушыларымен танысады;

- педагогикалық және психологиялық пәндер бойынша сабақтарды жоспарлайды.

- сынып оқушыларының жеке іс құжаттарымен танысып, қызметтік нұсқауы және оның жұмыстарына талдау жасайды;

- жоспарланған сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырады;

- бекітілген сыныпқа психологиялық зерттеу жұмысын жасап сыныптан тыс жұмыстарды қорытындылайды.

3.2.2. Педагогикалық практиканың мақсаты – пән мұғалімі мен сынып жетекшісінің қызметін толық орындауға, оқушылармен оқу-тәрбие жұмысының жүйесін өткізуге дайындау.

Бұл практиканың барысында студент-практиканттың педагогикалық әрекеттегі мұғалімнің нағыз кәсіби қызметіне барынша жақын болуы тиіс.

Мұғалім кадрларын кәсіптік тұрғыдан даярлау жүйесінде педагогикалық практика маңызды рөл атқарады.

Педагогикалық практика 3, 4 курста жүргізіледі. Педагогикалық практикадан өту үшін жалпы білім беру (негізгі орта, жалпы орта) мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына жіберіледі.

3-курста ұйымдастырылатын 4 апталық оқу-тәрбиелік педагогикалық практика пән мұғалімінің, сынып жетекшісінің қызметін атқаруға бағытталады. білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарына сәйкес меңгерген пәндеріне орай практикантқа жалпы орта мектептердегі 7-8 сыныптар бөлінеді, яғни бөлінген сыныпта информатикадан сабақ береді және сынып жетекшілік қызметті қоса алып жүреді.

4-курста ұйымдастырылатын 8 апталық педагогикалық практика пән мұғалімінің, сынып жетекшісінің қызметін атқаруға бағытталады (практиканттарды 8-11 сыныптарға бөледі), пән мұғалімінің, сынып жетекшісінің қызметімен қоса мектеп директорының,

оның орынбасарларының қызметтерімен танысуға және тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасарының ұйымдастырушылық қызметін де меңгеруге арналады.

3-курстағы педагогикалық практиканың міндеті:

- мектептің ішкі ережесімен, пән мұғалімі мен сынып жетекшісінің қызметтік нұсқауларымен танысу;

- жоспар бойынша бекітілген сыныпта информатика пәнінен сабақ өткізу, тәрбие сағаттарын ұйымдастыру;

- сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;

- бекітілген сыныпқа психологиялық зерттеу жұмысын жүргізу;

- жоспар бойынша бекітілген сыныпта информатика пәнінен ашық сабақ (информатика)

беру;

- жоспар бойынша 1 ашық тәрбие сағатын өткізу;

- сыныпқа, жеке оқушыға психологиялық мінездеме беру;

- педагогикалық практика есебін әзірлеу.

4-курстағы педагогикалық практиканың міндеті:

- мектептің ішкі ережесімен, пән мұғалімі мен сынып жетекшісінің қызметтік нұсқауларымен танысу;

- жоспар бойынша бекітілген сыныпта информатика пәнінен сабақ өткізу, тәрбие сағаттарын ұйымдастыру;

- сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;

- бекітілген сыныпқа психологиялық зерттеу жұмысын жүргізу;

- жоспар бойынша бекітілген сыныпта информатика пәнінен екі ашық сабақ

(информатика) беру;

- жоспар бойынша 2 ашық тәрбие сағатын өткізу;

- сыныпқа, жеке оқушыға психологиялық мінездеме беру;

- педагогикалық практиканың есебін әзірлеу.

Күтілетін нәтиже:

- мектептің ішкі тәртіп ережесімен бекітілген педагог-психологпен, оқушылармен қазіргі мектептегі тәрбие жұмысының бағыттары және пән мұғалімінің, мектеп оқушыларының жеке іс құжаттарымен танысады;

- мектепте өткізілетін педагогикалық кеңеске, алдыңғы қатарлы педагог-мұғалімдердің сабақтарына қатысады;

- жоспар бойынша сыныптан тыс тәрбие сағаттарын оқушылармен пән мұғалімімен бірлесе (сабақтарына қатысу, сабақ беру, сауалнама, әңгімелесу); қазіргі жағдайдағы балалар мен жас өспірімдерге арналған тәрбие сағатындағы қиын балалармен жұмыс барысында мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдаланудың жолдары (үйірмелер, қосымша сабақтар, т.б.); мұғалім – оқушы, оқушы – оқушы, ата-ана – мұғалім – оқушы қарым-қатынасын зерттейді;

- тәрбие сағаттарын ұйымдастыру және 2 ашық тәрбие сағатын өткізеді;

- сыныпқа және жеке оқушыға психологиялық мінездеме жазып педагогикалық практика есебін қорытындылайды.

Педагогикалық практикада студенттің (практикант) міндеті:

- оқу-тәрбие мекемесімен танысуға;

- бойына мұғалімге тән жақсы қасиеттерді қалыптастырып, оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізе алатындай, белгілі бір дәрежеде кәсіби дайындыққа ие болуға;

- мектептің ішкі тәртібіне бағынуға, мектеп әкімшілігі мен топ жетекшісінің талабын орындауға;

- өзіне жүктелген жұмыс түрлерін уақытылы орындауға;

- өзіне тиісті оқу-әдістемелік құжаттарын уақытында дайындап отыруға (күнділік, өзіндік жоспар, сабақ жоспарлары, т.б.);

- мектептегі педагогикалық практиканың қорытындысы бойынша өткізілетін педагогикалық кеңеске, университеттегі конференцияға қатысуға;

- педагогикалық практикадан кейінгі тапсырылуға тиісті құжаттар мен сынық кітапшасын топ жетекшісіне белгілінген мiрзiмде тапсыруға;
- бiлiм беру бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқу және сыныптан тыс жұмыстарын жүргізуге;
- сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын жүргізуге;
- әдiстемелiк және өздiгiнен iстейтiн жұмыс;
- оқушылармен барлық бағытта оқу-тәрбие жұмысын жүргізуге (оқушыны және ұжымды психологиялық, педагогикалық зерттеу, жұмысты жоспарлау, сабақтар беру, пән бойынша сыныптан тыс жұмыс, сынып жетекшiсi ретiндегi жұмысы, белсендiлермен жұмыс);
- жеке оқушылармен және сынып ұжымымен жұмыс жасай бiлу;
- олардың жеке, жас және өзiндiк ерекшелiктерiн ескере отырып, оқу-тәрбие жұмыстарының нақты мiндеттерiн анықтау;
- оқушылар ұжымы мен жеке оқушыға педагогикалық бақылау жүргiзiп зерттеу;
- оқушылардың танымдық қабiлетiн дамыту, яғни сабақтың бiлiмдiлiк, дамытушылық және тәрбиелiк мақсатын дұрыс қойып, оның орындалуын жүзеге асыру;
- балалар ұжымына қойылған мiндеттердi орындауға жұмылдыру (пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, оны орындаудың әдiстерiн үйрету, өзiн-өзi тәрбиелеуге жетекшiлiк ету);
- мектеп ұжымы мен ата-аналармен бiрлесiп жұмыс iстеу;
- оқу-тәрбие жұмысын бақылау, оған талдау жасау;
- диплом, курстық жұмыстарға мағлұматтар жинақтау;
- Педагог-психологтың мiндеттерi:*
- бiлiм алушылардың тұлғалық және зияткерлiк дамуына ықпал ету, өзiн-өзi тәрбиелеу және өзiн-өзi дамыту қабiлеттерiн қалыптастыру;
- бiлiм алушылардың тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негiзiнде әрбiр бiлiм алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
- психологиялық диагностиканы жүргiзу және бiлiм алушылардың шығармашылық әлеуетiн дамыту;
- психологиялық қиыншылықтар мен бiлiм алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдiстерiн таңдауда ата-аналар мен педагогтерге арнайы кеңестер көрсету;
- бiлiм алушыларды психологиялық-педагогикалық зерделеу негiзiнде әрбiр бiлiм алушыға жеке тәсiлдi камтамасыз ету;
- мектептегi педагогикалық практиканың аяқталуымен байланысты кеңеске қатысу, сонымен қоса, мүмкiндiгi болса, университеттегi конференцияға қатысу.
- Педагогикалық практика әдiскерiнiң мiндеттерi:*
- студенттердiң педагогикалық практика мiндеттерi мен бiлiм алушының мiндеттерiнiң бағдарламаға сай келуiн тексеру;
- педагогикалық практиканың оқу жоспарына сай болуын тексеру;
- педагогикалық практика өткiзетiн мектептегi уақытты анықтап, олармен байланыста болу;
- студенттердi практика өткiзiлетiн мектептерге бөлiп, олардың педагогикалық практикаға шығатыны жөнiнде факультет деканына мәлiмдеме (қызмет хат) дайындап, әдiскерлер тағайындау;
- педагогикалық практика алдындағы ұйымдастырушы және қорытынды практикалық конференция ұйымдастырып, әдiстемелiк жадығаттар негiзiнде көрмелер ұйымдастыру;
- әдiскерлерге ғылыми-әдiстемелiк көмек көрсетiп, басшылық жасау, семинарлар мен кеңестер өткiзу;
- әдiскер-оқытушылардың және мектеп әкiмшiлiгiмен пән мұғалiмдерiнiң практика барысында өз мiндеттерiн жауапты орындауын қадағалау;
- студенттердiң кейбiр сабақтары мен сыныптан тыс жұмыстарына қатысу;

- топ жетекшілерінің тапсырған құжаттарының негізінде мектеп қызметкерлерінің ақысын, өзге құжаттарын уақтылы тапсыру;

- педагогикалық практика жұмысының аяқталуымен байланысты есеп дайындап, оны факультет кеңесі мен ғылыми-әдістемелік кеңесте талқылауға ұсыну;

Пән бойынша әдіскер оқытушының міндеттері:

- ұйымдастыру және қорытынды конференцияға қатысу;

- студент-практикант өткізетін пәндік сабақтың және факультатив сабақтың, сыныптан тыс жұмыстардың жоспарлы кестесін жасау;

- студент-практиканттардың сабаққа, пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарға қатынасып, оған талдау жасауларын ұйымдастыру;

- студенттермен консультациялар ұйымдастырып, оның сабақ жоспары мен конспектісін дағдылы тексеріп, бекітіп отыру;

- оқушылардың танымдық қабілетін, белсенділігін арттыруда түрлі әдістерді пайдалана отырып, қазіргі сабақ үлгілерін өткізуді ұйымдастыру, әр сабақтың танымдық, дамытушылық, тәрбиелік мақсатына көңіл бөлуге үйрету;

- студенттермен мектепте өткізілетін семинарлар мен әдістемелік кеңеске қатысу;

- студент-практикант өткізетін сабаққа қатысып, оған талдау жасау;

- студент-практиканттың оқу-тәрбие жұмыстарын педагогика-психология және өзінің пән әдіскерімен, мектеп мұғалімдерімен келісе отырып бақылау;

- мектеп мұғалімдеріне студент-практиканттармен жұмыс жасау барысында ғылыми-әдістемелік көмектер ұйымдастыру.

Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің міндеттері:

Мектеп директоры мен оқу-ісі жөніндегі орынбасарының міндеттері:

а) педагогикалық практиканың көңілдегідей өтуіне жағдай жасау, кезекті практиканың өтуі туралы мектеп мұғалімдерімен өзге қызметкерлерімен, оқушылармен жұмыс жүргізу;

ә) студент-практиканттың педагогикалық кеңес жұмысына пән бірлестігінің, ана-аналар комитетінің отырысына қатысуына мүмкіндік жасап, олардың жұмыс жоспарларымен танысу;

б) студент-практиканттың кейбір сабағына, тәрбие жұмысының біріне қатысып, оған талдау жасау;

в) педагогикалық кеңесте практика жұмысын жақсарту, оқыту тәсілдерін жетілдіру туралы пікірін айту;

г) педагогикалық практиканың аяқталуымен байланысты мектепте педагогикалық кеңес өткізіп, мүмкіндік болса университеттегі қорытынды конференцияға қатысу.

Пән мұғалімінің міндеттері:

а) мұғалім студент-практикантқа өзінің педагогикалық қызметі, жұмыс жасау стилі туралы айтып, оқу-тәрбие жұмысының жоспарларымен таныстыру, өзі сабақ беретін сыныптарда сабақтар өткізіп, оны студентпен бірге талдау;

ә) студент-практикант өткізетін сабақ тақырыбы мен сыныптан тыс жұмыстарды студенттерге бөлуде топ жетекшісімен бірлесе шешу;

б) сабаққа даярлану үстінде студент-практикантқа көмектесіп, кеңес беріп отыру, кезекті сабақ жоспарын тексеріп бекіту;

в) әрбір студент-практиканттың сабағына қатысып, талдау жасап, өз бағасын беріп отыру;

г) студенттерге жеке оқушылармен жұмыс жасауды үйірме жұмысын, дәптер тексеру, көрнекі құралдар жасау, техникалық құралдарды пайдалану т.б. жұмыстарды ұйымдастыруды міндеттеп, оның жолдарын үйретіп отыру;

ғ) студенттердің оқу ісі бойынша жасаған жұмысын бағалап, мінездеме беру;

д) мектептегі педагогикалық практиканың аяқталуымен байланысты кеңеске қатысу, сонымен қоса, мүмкіндігі болса, университеттегі конференцияға қатысу.

Сынып жетекшісінің міндеттері:

а) студент-практикантқа сынып оқушылары, олардың оқу үлгерімі, сабаққа қатысуы, мінез-құлқы туралы мәлімет беріп, тәрбие жұмысындағы негізгі міндеттермен, өз жұмыс жоспарымен таныстыру;

ә) тәрбие жұмысының жоспарын жасауға көмектесіп, оны бекіту және тәрбие жұмысының орындалуын қадағалап, ақыл-кеңес беру;

б) студент-практикант ұйымдастырған мәдени шараларға қатысып, оған талдау жасау, бағалау;

в) педагогикалық практиканың аяқталуына байланысты болатын педагогикалық кеңес пен конференцияға қатысу.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының міндеттері:

а) студент-практиканттарды мектептің тәрбие жұмысының жоспарымен таныстыру;

ә) студент-практиканттарды мектеп көлемінде өтетін мәдени шараларды өткізуге тартып, соны жоспарлау;

б) студент-практиканттың тәрбие сағатына қатысып, оны талдау;

в) сынып жетекшісіне студент-практикантпен жұмыс жасауға көмек көрсетіп отыру;

г) педагогикалық практиканың аяқталуына байланысты болатын педагогикалық кеңес пен конференцияға қатысу.

3.3 Дипломалды практика

Диплом алды практика дипломдық жұмысты жазатын барлық түлектер үшін бітіруші курста өткізіледі. Дипломалды практика дипломдық жұмыстың жетекшісі арқылы бақыланады.

6В01503-Информатика мұғалімін даярлау білім бағдарламасы бойынша диплом жұмысының тақырыбы информатика пәнінің мәселелеріне және информатика оқыту әдістемесіне бағытталады.

Диплом алды практикаға басшылықты дипломдық жұмыстың ғылыми жетекшісі жүзеге асырады. Диплом алды практиканың мазмұны дипломдық жұмыстың немесе есептің тақырыбымен айқындалады.

Диплом алды практиканың қорытындылары диплом жұмысы бойынша алынған практикалық және теориялық мәліметтерді информатика кафедрасының мәжілісінде дипломдық жұмысты алдын ала қорғауда шығарылады.

Диплом алды практика **мақсаты** – дипломдық жұмысты (жобаны) жазудың ақталуы.

Диплом алды практиканың негізгі **міндеттері**:

- дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинақтау, өңдеу және жалпылау;

- дипломдық зерттеудің тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтері мен практикалық материалдарды талдау;

- дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе есептің тақырыбы бойынша қорытындыны, заңдылықтарды, кепілдемелер мен ұсыныстарды тұжырымдау;

- дипломдық жұмысты немесе есепті білгіленген талаптарға сәйкес ресімдеу болып табылады.

4. КӘСІПТІК ПРАКТИКА БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

| Мерзімі | Іс-әрекет мазмұны | ұйымдастыру әдістері |
|----------------------------|---|---|
| 1.1. Оқу практикасы | | |
| 1-2 күн | Орнықтыру конференциясына қатысу, Оқу практикасының бағдарламасымен танысу. - білім алушының қызығушылығы мен сүйіспеншілігін ояту; - педагогикалық қызметке шығармашылықпен | Конференция, әңгімелесу Материалдар жинастыру |

| | | |
|---|---|--|
| | <p>қарауға тәрбиелесу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - информатика саласындағы заман талабына сай алдыңғы қатарлы ізденістерді жүргізу; - білім алушыны құрал-жабдықтармен таныстыру және эксперименталдық зерттеудің негізгі әдістерімен танысу. | |
| 3-4 күн | <ul style="list-style-type: none"> - бағдарламалаудың негізгі принциптерін және заңдарын, олардың математикалық түрде тұжырымдалуын үйрену; - информатикадағы қолданбалы және бағдарламалық есептер мен өнімдерді тиімді қолдану әдістерін, эксперименттерді автоматтаңдыру принциптерін және практика нәтижелерін компьютерде өңдеу; - зертханалық жұмыстағы нәтижелерді есептеуде компьютерлік бағдарламалар құру. | Материалдар жинастыру |
| 5-6-күн | <ul style="list-style-type: none"> - Мектептегі іс-құжаттармен танысады; - Сынып жетекшінің жұмыстарымен танысады; - информатика пәнінің оқытушысының сабақ өту барысымен танысады; - Зертханалық істелген жұмыс үлгілерін әдістемелік нұсқауда көрсетілген жүйе бойынша жазу, толтыру, есеп дайындау. | Материалдарды сараптау |
| 7-8 күн | <ul style="list-style-type: none"> - Мемлекеттік жалпыға білім беру стандартымен танысу; - Іскерлік хат алмасуды зерделеу және іс-қағаздарын жүргізу. | Талдау, саралау |
| 9-10 күн | Зертханалық істелген жұмыс үлгілерін әдістемелік нұсқауда көрсетілген жүйе бойынша жазу, толтыру, есеп дайындау. | Талдау, сараптау, есеп әзірлеу |
| 1.2. Тілдік практикасы | | |
| 1-күн | <ul style="list-style-type: none"> - орнықтыру конференциясына қатысу; - тілдік практика бағдарламасымен танысу, мақсат, міндетін айқындау; - қажетті әдебиеттерге шолу жасау. | Конференция, әңгімелесу Материалдар жинастыру |
| 2-күн | <ul style="list-style-type: none"> - информатика терминдерінен картотека жасау және оны аудару; - пәнге қатысты әдебиеттері тізімін жазу және оны қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне аудару - пән бойынша терминдерін пайдалана отырып диалог, әңгіме, мәтін құрастыру және оны басқа тілге аудару. | Материалдар жинастыру |
| 3-күн | - информатика пәні бойынша зертханалық жұмыстармен танысу, жұмыс жасау және ағылшын тіліне аудару; | Материалдарды сараптау |
| 4-күн | Жоғарыда жиналған мәліметтер бойынша күнделік жазу, толтыру, есеп дайындау | Талдау, саралау |
| 5-күн | Есеп беру | Талдау, сараптау, есеп әзірлеу |
| 2. Педагогикалық практика | | |
| 2.1 Психологиялық-педагогикалық практика | | |
| 2-курс 1-апта | - орнықтыру конференциясына қатысу, кәсіптік практика бағдарламасымен танысу; | Танысу, зерттеу, талдау |

| | | |
|-----------------------------------|--|--|
| | <p>- қазіргі мектептегі тәрбие жұмысының жүйесі, оның бағыттарымен танысу; мектептегі мектеп пен отбасы ынтымақтастығының қызметі мен формалары. Ата-аналар жиналысын ұйымдастыру мен өткізу барысы. Тәрбие жұмысының тиімділігі мен нәтижесінің диагностикасын жасау;</p> | |
| 2-апта | <p>- информатика пәні бойынша жаңартылған бағдарламамен танысу; - сынып жетекшісінің киын балалармен жұмыс жүйесінің барысын бақылау және талдау жасау; - алдыңғы қатарлы педагог-мұғалімдердің сабақтарына қатысу; - қазіргі жағдайдағы балалар мен жас өспірімдерге арналған тәрбие сағатының тақырыптары мен ұйымдастырылуын бақылау, талдау жасау; - мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару жүйесінің барысы туралы ақпарат жинау, - мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдаланудың жолдары (үйірмелер, қосымша сабақтар, т.б.); - мұғалім – оқушы, оқушы – оқушы, ата-ана – мұғалім – оқушы қарым-қатынасын зерттеу; - шағын топтағы психологиялық қарым-қатынас; - педагогикалық практика есебін әзірлеу.</p> | Талдау, зерттеу, бақылау, қорытындылау |
| 2.2 Педагогикалық практика | | |
| 3-курс 1-апта | <p>- мектепте өткізілетін педагогикалық кеңеске қатысу; - мектеп ұжымы, сынып жетекшімен, пән мұғалімі және мектеп оқушыларымен танысу; - мектептің ішкі тәртіп ережесімен танысу; - бекітілген сынып жетекшімен және пән мұғалімінің құжаттарымен танысу; - мектеп оқушыларының жеке іс құжаттарымен танысу, талдау жүргізу; - информатика пәні бойынша тапсырмаларды сараптау және әзірлеумен танысу.</p> | Танысу, әңгімелесу, сұхбаттасу, талдау |
| 2-3-апта | <p>- жоспар бойынша бекітілген сыныпта немесе оқушылармен жұмыс жүргізу (сауалнама, әңгімелесу); - информатика пәні мұғалімімен бірлесе жұмыс жүргізу (сабақтарына қатысу, сабақ беру); - жоспар бойынша тәрбие сағаттарын ұйымдастыру; - ата-аналармен бірлесіп жұмыс жасау; - сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру.</p> | Зерттеу жұмысын жүргізу, тәрбие сағатын ұйымдастыру, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру |
| 4-5-апта | <p>- жоспар бойынша психолог жұмысын жүргізу (отбасы мүшелерімен байланыс жасау, рухани көмек көрсету); - математка және информатика пәндерінің мұғалімімен бірлесе жұмыс жүргізу (сабақтарына</p> | Ашық сабақтар өткізу, зерттеу жұмысын жүргізу |

| | | |
|-----------------------------------|---|---|
| | <p>қатысу, сабақ беру);</p> <ul style="list-style-type: none"> - тәрбие сағаттарын ұйымдастыру және 1 ашық тәрбие сағатын өткізу; - сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру; | |
| 6-апта | <ul style="list-style-type: none"> - информатика пәндері мұғалімімен бірлесе жұмыс жүргізу (сабақтарына қатысу, сабақ беру); - бекітілген сыныпқа және жеке оқушыға психологиялық зерттеу жұмысын жүргізуді аяқтайды, сыныпқа, жеке оқушыға психологиялық мінездеме беру; - педагогикалық практика есебін әзірлеу. | Зерттеу жұмысын жүргізу, есеп әзірлеу |
| 2.3 Педагогикалық практика | | |
| 4-курс 1-2 апта | <ul style="list-style-type: none"> - мектепте өткізілетін педагогикалық кеңеске қатысу; - мектеп ұжымы, пән мұғалімі, сынып жетекшімен және мектеп оқушыларымен танысу; - алдыңғы катарлы педагог-мұғалімдердің сабақтарына қатысу; - бекітілген пән мұғалімі мен сынып жетекшісінің құжаттарымен танысу; - информатика пәндері мұғалімімен бірлесе жұмыс жүргізу (сабақтарына қатысу, сабақ беру); - сынып оқушыларының жеке іс құжаттарымен танысу, талдау жүргізу. | Танысу, әңгімелесу, сұхбаттасу, талдау |
| 3-4 апта | <ul style="list-style-type: none"> - жоспар бойынша бекітілген сыныпта информатика сабақтарын өткізу; - жоспар бойынша тәрбие сағаттарын ұйымдастыру; - сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру; - бекітілген сыныпқа психологиялық зерттеу жұмысын жүргізу. | Сабақ жүргізу, тәрбие сағатын ұйымдастыру, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру, зерттеу жұмысын жүргізу |
| 5-6 апта | <ul style="list-style-type: none"> - жоспар бойынша бекітілген сыныпта информатика сабағын өткізу және 2 ашық сабақ беру; - жоспар бойынша тәрбие сағаттарын ұйымдастыру және 2 ашық тәрбие сағатын өткізу; - сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру; - бекітілген сыныпқа және жеке оқушыға психологиялық зерттеу жұмысын жүргізуді аяқтау, сыныпқа, жеке оқушыға психологиялық мінездеме беру; - педагогикалық практика есебін әзірлеу. | Ашық сабақтар өткізу, зерттеу жұмысын жүргізу, есеп әзірлеу |
| 7-8-апта | <ul style="list-style-type: none"> - мектеп директорының және орынбасарларының қызметтік нұсқауларымен танысу; - информатика пәні мұғалімімен бірлесе жұмыс жүргізу (сабақтарына қатысу, сабақ беру); | Танысу, ұйымдастыру |
| 9-10 апта | <ul style="list-style-type: none"> - жоспар бойынша бекітілген сыныпта пән бойынша сабақ өткізу және тәрбие сағаттарын ұйымдастыру; - жүргізілетін пән бойынша сыныпаралық немесе мектепішілік пәндік сайыстар, байқаулар, олимпиадалар, т.б. іс-шаралар ұйымдастыру; | Танысу, зерттеу, ұйымдастыру, қорытындылау |

| | | |
|-------------------------------|--|------------------|
| | - мектеп көлемінде тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру; -практика есебін әзірлеу. | |
| 3. Дипломалды практика | | |
| 1-апта | Бекітілген тақырыбы бойынша материалдарды жинақтау, өңдеу және жалпылау | Жинақтау, өңдеу |
| 2-апта | дипломдық зерттеудің тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтері мен практикалық материалдарды талдау | талдау |
| 3-апта | дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе есептің тақырыбы бойынша қорытындыны, заңдылықтарды, кепілдемелер мен ұсыныстарды тұжырымдау | қорытындылау |
| 4-апта | дипломдық жұмысты немесе есепті білгіленген талаптарға сәйкес ресімдеу, алдын ала қорғау | алдын ала қорғау |

5. КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ТАПСЫРЫЛАТЫН ҚҰЖАТТАР

Студенттерден мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері:

| | | |
|---|--|----------|
| Оқу және тілдік практикадан кейін студенттерден мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері: | | |
| 1. | Титул беті | 10 |
| 2. | Практика есебін қорғау хаттамасы | 20 |
| 3. | Практика күнделігі (талапқа сай толтыру міндетті) | 70 |
| Барлығы | | 100 балл |
| Психологиялық-педагогикалық практикадан кейін студенттерден мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері: | | |
| 1 | Титул беті | 5 |
| 2 | Жолдама бөлігі (келу мен кету туралы белгісі бар, мөр басылған парағы) | 15 |
| 3 | Практика күнделігі (талапқа сай толтыру міндетті) | 50 |
| 4 | Мектепте жүргізілген психологиялық зерттеу әдістерінің талдамалары | 30 |
| Барлығы | | 100 |
| Педагогикалық практикадан кейін студенттерден мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері: | | |
| 1 | Титул беті | 5 |
| 2 | Жолдама бөлігі (келу мен кету туралы белгісі бар, мөр басылған парағы) | 5 |
| 3 | Ұзақ мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар | 15 |
| 4 | Практика күнделігі (талапқа сай толтыру міндетті) | 15 |
| 5 | Ашық сабақтардың талдамасы | 20 |
| 6 | Ашық тәрбие сағаттардың талдамасы | 20 |
| 7 | Практика есебін қорғау хаттамасы | 5 |
| 8 | 1 немесе 2 ашық тәрбие сағатының және ашық сабақтары | 15 |

| | | |
|---|---|-----|
| | жұмыстарының электронды нұсқасы CD дискіде (практика кезінде өткен сабақ талдамалары, тәрбие сағатының талдамалары, фото суреттері, бейнебасылымдары, т.б.) | |
| Барлығы | | 100 |
| Диплом алды практикадан кейін студенттерден мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері: | | |
| 1 | Титул беті | 50 |
| 2 | Практика күнделігі (таланқа сай толтыру міндетті) | 50 |
| Барлығы | | 100 |

6. Пайдаланылатын әдебиеттер:

6.1. Негізгі әдебиеттер:

1. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. 2014. Жұмабекова.Ф.Н. 25
2. Педагог мамандығына кіріспе. 2017. Бұлақбаева.М.К. 25
3. Педагогика тарихы. 2016. Меңдаяхова. Қ.Тайтелиева.Л.Р. 35
4. Кәсіби педагогика.2012. Дүйсембінова.Р.Қ. 28
5. Педагогикалық жүйегану негіздері.2015. Мұханбетжанова.Ә.
6. Информатиканы оқыту әдістемесі. Е.Ы. Бидайбеков. Алматы 2014.
7. Информатиканы оқыту әдістемесі. Т. Қойбағарова Р. Ельтинова. Алматы 2014.
8. Информатиканы оқытудың жалпы әдістемесі. Г.Т.Жакыпбекова. Шымкент 2010
9. Информатиканы оқыту әдістемесі. К.З. Халыкова. Алматы 2010Java script негіздері. Э.Т.Әділбекова. Шымкент, 2014
10. Интернетте программа құру. Э.Т. Әділбекова. - Шымкент, 2016
11. Ақпараттық технологиялар (HTML). 2014. Ж.Ж. Кожамкулова; В.Ж. Керимбаева, М.Н. Майкотов.
12. Web технологиялар. ОӘК. 2012
13. Информатика, ақпараттық технологиялар және телекоммуникация жүйесі. 2012. Ә.Ү. Нұрымбетова, Е.М. Құсмұхамбетов.
14. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар: Оқу-әдістемелік кешен.- Алматы: Нур-Принт, 2012.-
15. Ақпараттық процестерді талдау және модельдеу.2014. Д.Н. Шукаев.
16. Web проектирование с использованием средств JSB.2012.А.Ю. Пыркова.
17. Web-технологии. 2012.К.А.Искакова, Л.Х.Жунусова

6.2 Қосымша:

1. Педагогикалық ғылыми зерттеу теориясы мен әдістемесі. 2016. Жиенбаева С.Н.
2. Педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері.2015. Жұмабекова.Ф.Н., Нұрғазиева.Н.М.
3. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері. 2014. Жұмабекова Ф.Н., Нұрғазиева Н.М. 50
4. Психология тарихы. 2016. Ахметова.А.Қ., Бектұрғанова.С.М. 25
5. Педагогикалық психология. 2015. Өтепбергенова. З.Д. 20
6. Жалпы психология.2015. Алдамұратов Ә., Рақымбеков Қ.Бапаева М., Нығымто-ва Г., Түрікпенов Ж.
7. Программалау: алгоритм құру технологиялары. Ү.М.Смайлова.- Алматы, 2011
8. Ақпараттық технология. Г.А. Абдикасова.- Алматы, 2011
9. Информатика.-2-ші бөлім.К.М. Беркімбаев. Алматы 2010
10. Интернетпен жұмыс істеуді үйренейік.2014. К.М. Құлжатаева; Д.Д. Зейдуллаева, Ж.Ш. Мырзаханов.

7. Кәсіптік практика бағдарламасына 20__ / 20__ оқу жылында енгізілген қосымшалар мен өзгертулер:

1. _____

2. _____

3. _____

және т.б.

Кәсіптік практика бағдарламасы қайта қаралып, енгізілген өзгертулер _____ кафедрасының мәжілісінде қаралды

« ____ » _____ 20__ ж. Хаттама № _____

Кафедра меңгерушісі _____ Сулейменова Л.А.

Енгізілген өзгертулермен келісілді:

Факультет деканы: _____ Ибашова А.Б.

« ____ » _____ 20__ ж. Хаттама № _____